

ЭКСПО дегеніміз не?

ЭКСПО атауы – өзінің аты айтып тұрғандай, «экспонат» деген сөзден шыққан. Қазақшаласақ, жәдігер болады, яғни ол – жер жүзін мекендеген барша халықтардың өмірдің түрлі саласында қол жеткізген жетістіктерін, жәдігерлерін көрсететін алаң. Онда ЭКСПО-ның кезекті таңдаған тақырыбына орай жұрттың бұрынғы-соңғы жеткен жетістіктері көпшілік назарына ұсынылады.

ЭКСПО-НЫҢ ШЫҚҚАН

ТАРИХЫ.

1862 жылы Лондонда болған ЭКСПО-да жұрт алғашқы тігін машинасымен танысқан. 1876 және 1893 жылдардағы Филадельфия мен Чикаго (АҚШ) ЭКСПО-сында жұрт назарына тұңғыш телефон аппараты және алғашқы электр қуатымен жарықтандыру жүйесі ұсынылған. Ал енді бүгінде әлем жұртшылығы қолданып жүрген «телевидение» деген сөзді қолданысқа 1900 жылы Париждегі көрме кезінде орыс инженері Константин Перский ендірген екен.

Бұл көрмені өткізген қалалар ішінде Франция астанасы Париж рекорд жасап тұр, мұнда ол 1855, 1867, 1878, 1889, 1900, 1937 жылдары ұйымдастырылыпты. 1889 жылғы ЭКСПО кезінде Франция әйгілі Эйфель мұнарасын жұрт назарына ұсынған. Бүгінде бұл мұнара Париждің символы.



ЭКСПО өткізілген алаңның үлкендігі жөнінен Қытайдың Шанхай қаласы әлем бойынша алда тұр. Мұнда ЭКСПОкөрмесі 2010 жылы өткізілгені мәлім. Оған әлемнің 190 елі қатысқан болатын. 5,28 шаршы шақырым алаңды қамтыған көрмені ол өткізілген 184 күн ішінде 73 миллион адам барып тамашалапты.



Францияда өткен Халықаралық көрмелер бюросының кезекті, 152-ші сессиясында «ЭКСПО-2017» көрмесін Қазақстанда ұйымдастыру жөнінде шешім қабылданғаны белгілі. Дауыс беруші 161 елдің 103-і Қазақстанды таңдаған. Ол «Болашақтың қуат көздері» деген негізгі тақырыппен өтпек.



- Астанада ЭКСПО өткізуге арналған тақырып кездейсоқ таңдап алынбаса керек. Жерінде табиғи байлықтың мол қоры бола тұра Қазақстан баламалы энергетика мәселесін қозғауы тегін емес.
- *Болашақ энергиясы*-жел, күн, су, ғарыш баламалы энергетика, биомасса энергиясы, атмосфераға CO2 қалдықтарын төмендету мәселелерін терең қозғайтын өте ауқымды түсінік.
- Қазақстанның елордасы Астана қаласында Халықаралық көрме 2017 шілде мен 10 қыркүйекке дейін өтеді.

Менің ЭКСПО-ға қосатын үлесім.

- Шет елден ЭКСПО-ны тамашалауға келген қонақтарға Астанамыздың ең сұлу, сәулетті ғимараттарымызды көрнекті түрде ұсыну үшін арнайы ақылды көзәйнекті ойлап табу болып табылады.





Ақылды көзәйнектің жалпы көрінісі:



Ақылды көзәйнектің техникалық сипаттамасы:

